

АСТАНА
ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МҰСТАФА ШОҚАЙ
АТЫНДАҒЫ №51 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ»
ШЖҚ МКК



ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 51
ИМЕНИ МУСТАФЫ ШОКАЯ»
АКИМАТА ГОРОДА
АСТАНЫ

010000, Астана қаласы, Алматы ауданы

Аманат көшесі, 5
тел ф. +7 (7172) 50-17-65
51mektep@mail.ru

010000, город Астана, район «Алматы»

Улица Аманат, 5
тел ф. +7 (7172) 50-17-65
51mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 228
« 7 » 09 20 26 ж.

ПРИКАЗ № _____
« _____ » _____ 20 ____ г.

**Ата-аналардан заңсыз ақша
жинауға және сыйлық беруге
тыйым салу туралы**

Астана қаласының Білім басқармасы ММ-нің 2023 жылғы 14 наурыздағы № 582 бұйрығын басшылыққа ала отырып, ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым салу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау үшін, педагогикалық ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру және мұғалімдерге сыйлық беруге тыйым салу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогикалық ұжым мен ата-аналардан заңсыз ақша жинамау туралы негізгі талаптар мен тыйымдар жөніндегі түсіндірме жұмыстары жүргізілсін:

- **Мектепті жөндеу:** Сыныпты, дәлізді немесе мектеп ғимаратын ағымдық/күрделі жөндеуге ата-аналардан ақша жинауға болмайды, өйткені бұл жұмыстарға қажетті қаржы жергілікті бюджеттен бөлінедігін түсіндіру;
- **Мектеп қажеттіліктері:** Оқу құралдары, интерактивті тақта, жиһаз, жуғыш заттар немесе басқа да шаруашылық мұқтаждықтар үшін ақша жинату заңсыз екендігін түсіндіру;
- **Мәжбүрлеу:** Әкімшілік немесе ұстаздар тарапынан белгілі бір дүкеннен мектеп формасын немесе басқа керек-жарақтарды сатып алуға мәжбүрлеуге болмайтындығы түсіндіру.

2. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға, жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, аттестациялауға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақша жинау сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге және әкімшілікке атқаратын лауазымынан босатуға дейінгі қатаң шара қолданылсын;

3. Оқушылар, педагогтар және ата-аналар арасында мектеп түлектеріне аттестат беру, мектеп бітіру кешіне заңсыз ақша қаражатын жинамау жөніндегі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Жауапты директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары: Д.Ақылбек, А.Ж.Сагындыкова, Г.Н.Сүлейменова, тәрбие жұмысы жөніндегі

орынбасарлары Ғ.Қ.Ысмайыл, И.Г.Смагулова, директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Т.Баяковқа жүктелсін;

4. 4, 9, 11 сынып жетекшілері:

- Түлектерге мұғалімдер мен мектеп әкімшілігіне сыйлық беруге тыйым салынсын;
- Мектеп іс-шарасына қаражат жинауды болдырмау үшін мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне қандай-да бір сыйлық беруге тыйым салынсын;
- Бітіру іс-шараларына дайындық кезінде әр оқушыға жеке қарап, тек
 - мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері өткізсін;
- Іс-шараларға аниматорларды, мерекелік агенттіктерді, жеке студияларды тартуға жол берілмесін;
- Аттестат табыстау іс-шараларын мейрамханаларда, кафелерде және басқа мекемелерде өткізбеу ұсынылып, автокөлік жалдау арқылы мерекелік үстелдер мен дала сапарларын ұйымдастырмау туралы қатаң ескертілсін. (Қосымша №1)

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А.Ч.Сатиева